Рәсімдер ішкі істер органдары қызметкерлерінің мінез-құлқы ережелерін, ұсынылатын сөйлеу тілі және дене қимылдары, азаматтармен өзара іс-қимылы барысындағы стандартты сөз орамдары, сондай-ақ азаматтардың қызметкердің іс-әрекетіне аудио жазу, фото және бейне түсірілімге жауап берутәсілдері енген.

Солардың бірқатарына тоқталсақ:

Азаматтардың аудио жүргізуі, фото және бейне түсірілім кезіндегі ПО қызметкерінің іс-әрекеті:

- полиция қызметкерінің міндеті: аудио, фото немесе бейнетүсірілімдік жазба жүргіліп жатыр ма, жоқ па, оған қатыссыз құқық қорғау органдарының беделін қаралайтын іс-әрекеттер жасауға бармай, заң аясында өз қызметтік жұмысын жүзеге асыра беру.

- өзінің қызметтік жұмысының аудиоға, фотоға немесе бейнеге жазылу үдерісін азаматтардың заңды құқығы ретінде қабылдау және оған қалыпты көзқарас таныту.

Оның мінез-құлқы (полиция қызметкерінің), тұтастай алғанда, ішкі істер органдарының бедел-бейнесіне әсер ететіндігін әрдайым есінен шығармаған жөн.

Қызметкердің заңды мүдделеріне зиян келтіру, арандату кезінде жағдайды біржақты түсінбеуді жоққа шығаратын сұхбаттасушының да іс-әрекеттерін бейнеге түсіріп отыруды жүзеге асыру үшін бейнетіркеуіштің жарамдылығына үнемі көз жеткізіп отыру.

Сабырлық және ұстамдылық таныту, өз эмоциясын бақылау.

Нысанды киім кию ережесін сақтау. Әрдайым киімдерін үтіктеп, күтініп жүру.

Жазба ашық дереккөздерде жариялану жарияланбауға қатыссыз, өзінің қызметтік жұмысының аудиоға, фотоға және бейнеге жазылудың әр фактісі туралы баяндау.

Біздің мақсатымыз — азаматтардың аудиожазба жүргізуі, фото және бейнетүсірілімі кезіндегі ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіби мінез-құлқын қалыптастыруды қамтамасыз ету. Қалыптастыра отырып, оның санадағы жаттандылық деңгейіне көтеру. Санада бұл алгоритмнің жатталуы тосын жағдайларда немесе кенет туындаған жағдаяттарда полицейліктің санадан тыс, еріксіз қимыл көрсетуіне негіз болады. Полиция қызметкерінің ағзасының мүшелері дербес іс-қимылдар көрсете бастағанда санада жатталған алгоритмдік іс-қимылдар көрініс беруі қажет. Психологиялық тұрғыда бұл полиция қызметкерінің әдеттегі азамат ретінде адами ден қоя отырып жауап қайтаруына негіз болады. Тосын жағдайларда тосылып қалмайтын болады. Ұғынықты ұғыну үшін мысал келтірейік. Тапаншаның оқжатарында оқ болған кезде ғана атады, оқ болмаса, атылмайды. Сол сияқты, полицейді қару десек, оқтары есебінде осы іс-қимылдар алгоритмі болмақ. Бұл алгоритмді ұғып, жаттап алмай, дағдарыстық және төтенше жағдайларда еш жауап қайтара алмай қалады. Тіпті, абдырап, қозғала алмай қалуы мүмкін. Қандай қимылдар көрсету қажеттігін білмей, азаматтарға көмек көрсету тұрмақ, не істерін білмей, жұртшылық алдында «мазақ» болып жатқан құқық қорғаушылар қаншама (бұл үрдіс тек ішкі істер органдарына ғана қатысты емес).

Қазақстан Республикасы заңнамалары полиция қызметкерінің оның қызметтік міндеттерін орындау кезінде сол материалды Интернет желісіне немесе әлеуметтік желілерге орналастыра отырып, азаматтарға аудиожазба, фото және бейне түсірілім жүргізуге, сондай-ақ оның іс-әрекеттерін сынға алуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 378-бабы бойынша билік өкілінің қызметтік жұмысы туралы сын тұрғысында айтылған жария сөздер қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпайды⁵.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңының 4-бабы бойынша:

- Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметкерлерді немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын қызметті қоспағанда, қоғамдық пікір мен жариялылықты ескеру қағидаларына негізделеді.

«Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасының заңының 54-бабы бойынша механикалық көлік құралы жүргізушісі құжаттарын тексеруге құқығы бар лауазымды адамнан көлік құралын тоқтату себебіне түсіндірме алуға, бұл ретте фото және бейнетүсірілім жүргізуге құқығы бар⁶.

Полиция қызметкерінің өз қызметтік міндеттерін орындау кезіндегі немесе оларды орындаумен байланысты іс-әрекеттерін аудиоға жазу, фото және бейнеге түсіру, бұл ретте оның жеке де, көпшілік алдында жария түрде де, материалды одан әрі БАҚ-та немесе телекоммуникация желілерінде орналастырылуды қоса алғандағы, ар-намысы мен қадір-қасиетіне тіл тигізумен ұласатын, қылмыстық жаза қолданылатын әрекет болып табылады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 378-бабы бойынша «Билік өкілін өз қызметтік міндеттерін атқару кезінде немесе оларды атқаруына байланысты қорлау» сексен айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жиырма тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

Жария түрде немесе бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып жасалған дәл сол іс-әрекет — бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

Полиция қызметкерінің өзінің қызметтік міндеттерін орындау барысында немесе орындаумен байланысты іс-әрекеттерін, оның қызметіне құқыққа қарсы араласумен ұласатын, аудио, фото және бейне түсірілімі заңдармен белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады⁴.

«Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңының 14 бабы:

2-тармағы бойынша қызметкерлердің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген талаптарын барлық азаматтар мен лауазымды адамдар орындауға міндетті.

3-тармағы бойынша қызметкерлердің заңды талаптарын орындамау, оларды қорлау, қарсылық көрсету, күш қолданамын деп қорқыту немесе олардың өміріне, денсаулығына, ар-намысы мен қадір-қасиетіне, мүлкіне қол сұғушылық, оларға жүктелген міндеттерді орындауға кедергі келтіретін басқа да іс-әрекеттер, сондай-ақ қызметкерлердің қызметтік міндеттері мен қызметтік борышын орындауына байланысты олардың отбасы мүшелерінің, жақын туыстарының өміріне, денсаулығына, ар-намысына, қадір-қасиетіне және мүлкіне қол сұғушылық заңдарда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

5-тармағы бойынша қызметкерлердің қызметіне, бұған заңмен тікелей уәкілеттік берілген адамдарды қоспағанда, ешкімнің араласуына құқығы жоқ. Қызметкерлердің қызметіне құқыққа қарсы араласу заңдарда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Бұл ретте мыналарға тыйым салынады: аудио, фото, видео жазбадан қашуға және жалтаруға;

- Аудиожазба, фото, видео түсіру құралдарын қолдан жұлып алуға;

- Аудиожазба, фото, видео түсірілімі үшін кедергілер келтіруге;

- Құқық бұзушының өтініші бойынша қоңырау шалған абонентпен «сөйлесу» мақсатымен құқық бұзушының қолынан телефонды алуға;

Егер қызметкер заңнаманы бұзса және оның іс-әрекеттерін адам (-дар) аудиожазба, фото или видео құралдарына түсіріп жатқанын анықтаса:

- кідіріссіз құқыққа қарсы іс-әрекеттерін тоқтату.

- оның заңсыз іс-әрекеттері аудиожазу, фото немесе бейнетіркеуіш құралдарына түсіп қалғанын және салдарынан бұлтарудың мәні жоғын сезіну.

- оқиға орнынан қашуға ұмтылмау, бейне түсірілімнен жалтармау, бетін қолмен жаппау.

- өзін байсалды ұстау, өз жағдайын күрделендіріп айғайға, есерлікке, озбырлыққа ыза шақырмау.

- бұзушылық жібергеніне қарамастан, қадір-қасиетін және офицер намысын сақтау.

- ақталуға, басқаларды кінәмауға тырыспау немесе кінәға бойұсынбау.

- баяу екпінмен жауап беру: — «Сіздің айтқан сыныңыз негізді. Сіз менің іс-әрекеттеріме сот тәртібімен шағым жасауға, сондай-ақ осы бейнені өзіндік қауіпсіздік қызметіне немесе прокуратураға одан әрі қарау үшін жолдауға құқығыңыз бар».

- тіл тигізген (қорлаған) немесе ар-намысы мен қадір-қасиетін кемсіткен жағдайда ұрысып-керіспей, асықпай тыңдау.

БАҚ-пен өзара іс-қимыл жасасуға жауапты бөлініс:

- БАҚ, Интернет кеңістігінде және әлеуметтік желілерде ІІО қызметкерлерінің қатысы бар аудио, фото және бейнежазбалардың болуына ұдайы мониторинг жүргізіліп отырады.

- Интернет кеңістігінде және әлеуметтік желілерде жазбалар анықталған жағдайда басшылыққа хабарлайды.

- мүмкіндігінше жылдамырақ қызметкердің іс-әрекеттеріне қатысты қызметтік тексеру жүргізілуін түсіндіреді.

- қызметтік тексеру қорытындысын алғаннан кейін аудио, фото және бейнежазбалар полиция қызметкері кінәсінің болуы және дәрежесі, оның әрекеттерінің заңдылығы мен құқықтылығы, қызметкердің іс-әрекетінің мән-жайлары және заңдылығы, сондай-ақ кінәлі болған жағдайда оған қатысты қолданылған шаралар, не түсірілімді жүргізген жеке тұлғаның заңсыз іс-әрекеттеріне қатысты сот қарауына жіберу арызын теріске шығаруды немесе растауды жариялайды.

Ішкі істер органдарының өз құзыреті шегінде:

- жеке және заңды тұлғалардан Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауды, құқыққа қайшы әрекеттерді тоқтатуды талап етуге, сондай-ақ төтенше жағдай жарияланған жерде немесе терроризмге қарсы операция жүргізіліп жатқан аймақта тергеу іс-шараларын жүргізу уақытында ішкі істер органдарының қызметкерлерін өз қызметтік міндеттерін атқаруы кезінде жеке тұлғалардың фотосуретке және бейнежазбаға түсіруіне тыйым салуға, бұл талаптарды орындамаған жағдайда тиісті мәжбүрлеу шараларын қолдануға, Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

Журналистің заңды кәсіби қызметіне кедергі келтіруге тыйым салынады:

- ақпарат таратудан не ақпарат таратудан бас тартуға мәжбүрлеу жолымен, осыған теңдес журналистің заңды кәсіби қызметін орындауға кедергі келтіретін не оны осы мүмкіндіктен толық айыратын жағдайлар жасау жолымен журналистің заңды кәсіби қызметіне кедергі келтіруге;

- өзінің қызметтік жағдайын жоғарыда аталған мақсаттарға жету үшін пайдалануға;

- журналистке немесе оның жақындарына қатысты зорлық-зомбылықты қолдану немесе оны қолдану қатерін төндіруге;

- журналистің немесе оның жақындарының мүлкін зақымдауға немесе жоюға.

Зерделеуге ұсынылған стандартты операциялық рәсімдер бұдан әрі жетілуге негіз болуға қызмет ететін және заңнамалар өзгеруі мен еліміздегі құқық қорғау тәжірибесінде жана тәсілдердің енгізілуіне сәйкес одан әрі кейбір тұрғыларда ұдайы жанартып отыруды қажет етеді.

¹ Мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» 2018 жылғы 5 қазан. [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі:

https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nanazarbaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylygy-5-kazan (аталған сайтқа кірген уақыт: 2020.10.14).

² Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Сындарлы қоғамдық диалог — қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі». 2019 жылғы 2 қыркүйек. [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-kazan (аталған сайтқа кірген уақыт: 2020.10.14).

³ «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарын жаңғырту жөніндегі 2019 — 2021 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 897 Қаулысы. [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39549498 (аталған сайтқа кірген уақыт: 2020.10.14).

⁴ «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы (2020.06.10. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: https://online.zakon.kz/m/Document/?doc_id=30916650 (аталған сайтқа кірген уақыт: 2020.10.14).

⁵ «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында жұмыс стандарттарын (қызметкердің нақты жұмыс учаскесіндегі қызмет нәтижелеріне қойылатын алгоритм, қағидалар және талаптар) белгілеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 26 қарашадағы № 969 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 23 желтоқсанда № 12471 болып тіркелді. [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012471/links> (аталған сайтқа кірген уақыт: 2020.10.14).

⁶ Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі (2020.07.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31575294 (аталған сайтқа кірген уақыт: 2020.10.14).

А. Б. Қожасова,

*кәсіби-психологиялық даярлық және ПО басқару
кафедрасының оқытушысы, полиция майоры*

(Қазақстан Республикасы ІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН ТӘРТІП БҰЗУШЫЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жеткіншек — бұл алаңсыз балалақ шақтың аяқталуымен күрделі жауапкершілік жүктейтін ересектік шақтың аралық кезеңі, оны психологияда «өтпелі кезең», «қиын, кезең» деген ұғымдар аясына сыйғызады. Шын мәнінде мінез-құлықта өзгерістер көп болатын, албырттыққа бой алдыратын, асығыс шешімнің жетегіне еретін ауыр кезең. Сондықтан да отбасында жеткіншек пен ата-ананың өзара түсініспеушілігі жиі кездеседі. Осы кезде қоршаған ортаның ықпалына ерекше мән беретін жеткіншек қылмыстық жағдайларға да жиі барып жатады.

Жеткіншектер арасындағы қылмыстың алдын алу мәселесі — күрделі мәселе. Жеткіншектік кезең балалық шақтан ересекке өткір өтетін қиын қақтығысын сипаттайтын адам онтогенезінің күрделі кезеңі.

Жеткіншек жасты зерттеуде әлеуметтік дамудағы бала кезінен ересек кездегі көшу үрдісі ең маңызды орын алады.

Бір жағынан, бұндай қиын кезеңде жеке тұлға құрылымындағы дисгармония, баланың қызығушылық жүйесіндегі көріністер, ересек адамдармен қарым-қатынастағы наразылық сипаты секілді негативті көріністер байқалады.

Басқа жағынан, жеткіншек жас көптеген жақсы факторлармен де ерекшеленеді: баланың жауапкершілігі артады, басқа балалармен және ересектермен қарым-қатынас әртүрлі және мазмұнды болады, қызмет аясы айтарлықтай кеңейеді және өзгереді, өзіне және өзгелерге деген жауапкершілік қатынасы дамиды және т. б. Бастысы, бұл кезең баланың қоғамның мүшесі ретінде өзіне деген саналы көзқарасын қалыптастыратын жаңа әлеуметтік позицияға ауысумен ерекшеленеді¹.

Тұлға — бұл өз таңдауы мен өз қызметі үшін жауапты бола алатын, белсенді өмірлік ұстанымды ұстанатын адам, ол:

- іс-әрекетіндегі тәуелсіздікпен ерекшеленеді;
- жауапкершілік алуға және мәселені шешуге қабілетті;
- жүріс-тұрысын басқара алады, ерік күшімен ерекшеленеді;
- ұзақ уақыт бойы өзгеру мүмкіндігіне ие адам.

Жеткіншек тұлғаның қалыптасуы — қиын және өзгермелі процесс: педагогикалық әсері, әдетте, өзін тәрбиелеудегі белсенді субъектпен кездеседі. Жеткіншек тұлғаның қалыптасуы, оның өміріндегі және тәрбиесіндегі процестер қалай қалыптасқан, оның талаптары арасындағы қатынастар, өзін-өзі

бағалау және мүмкіндіктері арқылы өз талаптарын қанағаттандыру, өзін-өзі бағалауын ақтау үшін айтарлықтай тәуелді болады.

Жеткіншек жас баланың тұлға болып қалыптасуындағы дағдарыс кезеңі. Жеткіншектің тұлғалық ерекшеліктеріне екі сөзбен нақты мінездеме беруге болады: тәуелсіздікке ұмтылу. Ол жеке тұлғаның әрбір қырына, жасөспірімнің жүріс-тұрысына, сезіміне әсер етеді².

Жеткіншектермен жұмыс жасау барысында олардың қандай үлгілер мен құндылықтарға бағыттатынын, нені маңызды және мағыналы деп есептейтінін түсіну керек. Жеткіншектің басты ерекшелігі — тұлғалық сенімсіздік. Қарама-қарсы қасиеттер, баланың ұмтылыстары, үрдістерінің бір-бірімен күресуі, бәсекелесуі мінез-құлықтың қарсы сипатын және есейе бастаған баланың жүріс-тұрысын көрсетеді. Жеткіншек жаста мінез-құлық ерекшеліктері қалыптасады. Жасөспірімге тән ең негізгі ерекшелік, «кемелдікке» ұмтылу болып табылады. Жасөспірім ересек адамдардың оның пікірімен келісуі үшін өзінің көзқарасы мен үкімдерін қорғайды. Ол өзін басқалармен тең дәрежеде бола алатындай айтарлықтай ересекпін деп есептейді.

Қоғамымыздағы ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан мызғымас дәстүріміз — еліміздің ертеңгі болашағы — жеткіншектеріміздің тұлғалық құрылымын, мінез-құлқын сапалы қалыптастыру. Бұл күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселе. Дегенмен қоғамымызда болып жатқан сан алуан өзгерістер жеткіншектердің шалыс басып, өмірлік өкінішке жетелейтін жайттарға жолығып жатқандары да баршылық.

Жеткіншектің кейбіреулері сәтсіз отбасының бейкүнә баласы болып балалық шақтың өзінде психологиялық жарақат алса, енді біреулері толық емес отбасында тәрбиеленіп, өмірдің ащы дәмін ерте татып торығып жатса, енді біреулері ата-ана алақанының жылуын сезінбей жетімдер үйінде тәрбиеленіп, сол сияқты сансыз себептердің ықпалымен қылмыс жасауға барып тағдыр тәлкегіне түсуде³.

Жеткіншек жастағыларды тәрбиелеу және оқыту қазіргі таңда психологиялық-педагогикалық өзекті мәселе ретінде күн тәртібінен түспей отырғаны мәлім.

Қазақстан Республикасында білім беру мен тәрбиенің мазмұнын жаңарту мәселесі алға қойылып, халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру көзделіп отыр. Сондықтан балалардың ішінде ерекше категория болып табылатыны «жеткіншек жастағыларға» адамгершілік тәрбие берудің формаларын, әдіс-тәсілдерін жетілдіру аса қажет.

Адамның өзін-өзі бағалауы туралы айтқанда, оның нәтижесі байқалады: жоғары немесе төмен, адекватты немесе адекватты емес т. б. Бірақ адамның бұл бағалауға келуін, оның қандай құралдарды қолданғанын, ол өзін тануда қандай ақпаратқа сүйенгенін білу керек. Өртүрлі факторларға байланысты бірнеше жолмен өзін бағалауға болады. Кей адам өзінің өткен тәжірибесін талдайды, қорытынды шығарады, өз қатесін қайталамауға тырысады. Ал кейбіреуі мұндай әрекеттер жасамайды. Кейбіреулерге өзін-өзі бағалаудың негізі өз тілегі болып табылады. Мұндай адамдар ешқашанда сын—пікірлермен келіспейді. Өзін-өзі бағалаудың маңызды негізі — қоғамдық—әлеуметтік нормалар. Бұл кезде өзін-өзі бағалау схемасы бойынша құрылады: «Мен бұл нормаға сәйкес келемін, демек мен жақсымын; сәйкес келмесе, жаманмын».

Жеткіншек тұлғасы өздігінен қалыптаспайды, олар қоршаған ортаның ықпалымен қалыптасады. Әсіресе, жеткіншектерге өзге адамдармен өзара қарым-қатынаста кіші топтар ерекше әсер етеді. Ең алдымен жеткіншектердің тұлғасының қалыптасуында маңызды рөлді отбасы алады. Өртүрлі авторлар сәтсіз отбасылардың әр алуан типтерін бөліп қарастырады және олардың жеткіншектердің мінез-құлықтарының ауыту жағдайларына әсерін талдап көрсетеді. Өзін-өзі бағалауды адамның өмірінің басқа психикалық көріністерінен бөліп алуға болмайды. Ол ойлаумен де, адам өмірінің эмоционалдық өмірімен де байланысты. Өзін-өзі бағалау даму деңгейлері мен алға басу қарқынын анықтайды.

Олар өздерінің жас ерекшелік мүмкіндіктерін жоғары бағалап, ересек адамдардан еш айырмашылығымыз жоқ деген қорытындыға келеді. Осы жерден олардың дербестікке және әйгілі «тәуелсіздікке» ұмтылу сипаты көрініс табады, осы жерден өзіне деген қатынастың қиындығы және өкпешілдік, ересектердің құқықтары мен мүдделерін бағаламайтын өткір реакция көрсету сипаты байқалады. Жеткіншекке тән жоғары қозғыштықты, жеткіншектің өз мінезіне қанағаттанбаушылығын, салыстырмалы жиі және тез көңіл-күйінің ауыспалылығын ерекше атап өту керек⁴.

Кәмелеттік жасқа толмаған балалардың қылмысына сыртқы ортаның жағымсыз факторлары және кәмелеттік жасқа толмаған тұлғаның өзі себеп болады. Қылмысты көбінесе педагогикалық «ушыққан», былай айтқанда «қиын» жасөспірімдер жасайды. Кәмелеттік жасқа толмаған балалар — қылмыстық топтар тарапынан ең зардап шеккендер.

Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың өсуінің негізгі себептері жиі мыналарды қамтиды:

- көптеген отбасындағы бала тәрбиесінің қанағаттанарлықсыз шарттары;
- балаларға және жасөспірімдерге педагогикалық тәрбие беру барысындағы ата-аналарға әлсіз көмек;
- көптеген мектептер мен басқа да мекемелердің білім беруінің қанағаттанарлықсыз шарттары;
- осы мекемелерде тәлімдік жұмысты жүргізетін кадрлардың әлсіз дайындығы;
- мектептен тыс мекемелерде тәрбиенің қанағаттанарлықсыз шарттары;
- кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комитеттердің қанағаттанарлықсыз жұмысы;
- отбасы, мектеп, бала күтімі бойынша орталықтары, балалар мен жасөспірімдердің білім беру, мәдени және басқа да мекемелер, сондай-ақ кәмелетке толмағандар арасында алдын алу полиция, қылмыстық қудалауды және сот ықпал етуге арналған қоғамдық ұйымдардың қызметіндегі формализм;
- жасөспірімдер қылмысына қарсы күрес жүргізудегі құқық қорғау органдарының жұмысындағы кемшіліктер⁵.

Құқық бұзушының жеке басын зерделеу қажеттілігі бірінші кезекте болуының себебі жасөспірімдер қылмысының деңгейін төмендетуде ғана емес, сонымен қатар анық айқындылықты көрсетеді. Негізінен жасөспірімдер арасындағы қылмыстың өзектілігін жасөспірімдердің агрессиясының, қатыгездіктің түрлі нысандарымен байланыстырады. Көбінесе бұл процесс бала кезінен ересек күйге баланың ауысу тоғысында көрінеді — жеткіншек жастағы жасөспірімдердің агрессиясы мәселесі дәрігерлер, педагогтер мен психологтер, сонымен қатар тұтастай қоғам үшін ең өткір мәселелердің бірі болып табылады.

Көбінесе қылмыс жасау барысында жасөспірімдерде агрессия, адуындық және дұшпандық сезімі жоғарылайды.

Агрессия мәселесі, әсіресе, жасөспірім кезде, қылмыстың өсу деңгейіне байланысты бірінші кезекте тұрады. Ал бұл мәселені түсіну және жасөспірімдерде агрессия деңгейін төмендету жолдарын іздестіруге бағытталған психологиялық-педагогикалық жұмыстың кемшілігімен байланысты. Жеткіншектің тұлғалық қасиеттері мен агрессивтілігінің байланысы жасөспірімдердің қылмысына әкеп соғады. Аталған көріністер түрлі тәсілдермен көрініс табады, атап айтқанда:

- нашақорлық;
- маскүнемдік;
- білім алуға қызығушылықтың болмауы;
- суицидтік үрдістер;
- басқаларға зиян келтіру (қылмысқа бару).

Сондай-ақ жасөспірімдер арасындағы қылмыстың мынадай үрдістері көрсетіледі:

- ауыр және аса ауыр зорлық-зомбылық қылмыстардың өсуі;
- ұйымдасқан және топтық қылмыс санының өсуі;
- суық қару мен атыс қаруын кеңінен пайдалану;
- жеке адамға қарсы қылмыста қатыгездік және цинизм.

Көптеген авторлар қанағаттандырылмаған қажеттіліктен агрессивті мінез-құлық пайда болады дейді (А. Бандура, Д. З. Скорны). Бала агрессиясы қарым-қатынастың іске асырылмаған қажеттілігін тудырады, бұл ата-ананың эмоционалдық салқындығынан туындаған қарым-қатынасынан, оның ішінде жылудың болмауынан және мейірімділіктің жоқтығынан, шектен тыс қаталдықтан және күш көрсетіп жазалауды шамадан тыс пайдалану себебінен туындайды. Ересектердің тым жиі тыйымдары мен бұйрықтары, сондай-ақ балалар мен жастардың тәуелсіздігін, дербестігін шектету іске асырылмаған қажеттілікті туындатады⁶.

Баланың агрессия көріністерінің негізгі себептері мыналар болып табылады:

- құрдастарын өзіне назар аудартуға ұмтылу;
- қалаған нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылу;
- лидер болуға ұмтылу;
- қорғаныс және кек;

- өзінің артықшылығын айқындау мақсатымен басқа адамның қадір-қасиетіне нұқсан келтіруге ұмтылу.

Криминогендік факторларға қатысты мемлекет пен қоғамның қабылдаған шаралары, кәмелетке толмағандардың әлеуметтендіру процесі олардың әсерін азайту үшін оңды нәтижелер бермейді. Жасөспірімнің тұлғалық қалыптасуы мен дамуы жеткіншек жаста жүзеге асады деген негіз бар. Кәмелетке толмағандардың қылмысының динамикасы мен құрылымы алаңдаушылық тудырады, сондай-ақ ересек қылмыспен тығыз қарым-қатынасы болып табылады.

Жеткіншектердің қылмыстық әрекеті жалпы халықтық мәселе, сондықтан мектеп — ата-ана — қоғамдық ұйымдар — мемлекет жүйесінде бірізді жұмыстар ұйымдастырылып, оған барлық адамзаттың бірлесіп әрекет еткен жағдайда шешіледі. Әрбір адам өзінің жеке өнегесімен үлгі көрсетуі қажет.

Қоғамдық ортада жүріп жатқан әлеуметтік-психологиялық, экономикалық жаңару процестері өмірге жақсы өзгерістермен қатар кейбір келеңсіз жағдайлардың туындауына әкеліп отыр. Солардың қатарына жұмыссыздық, ішкіштер мен қылмыстың өсуі, әсіресе жас жеткіншектердің арасындағы қылмыстық мінез-құлық, оқуды тастап, ауыр қылмыстар жасау жағы қатты аландатушылық тудырады. Осыған байланысты қылмыстық мінез-құлық танытқан балалармен әлеуметтік-психологиялық, педагогикалық жұмыстар жүргізу кейінгі кезде өзекті мәселеге айналып отыр.

Психологиялық ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, кейінгі зерттеу жұмыстары қылмыстық мінез-құлық динамикалы үрдіс екенін, ол біртіндеп басталып, арты үлкен трагедияға айналатыны анықталған. Қоршаған адамдар көбіне дер кезінде көңіл аудармай, соңында ауыр қылмыскерге айналғанда кешіккендерін бір-ақ сезеді.

Еліміздегі оқу-тәрбие жұмысына байланысты болып жатқан жаңартулар білім мен тәрбие жұмысын қайта қарауды міндеттейді. Бүгінгі таңда тиянақты білім беру жүйесінде балалармен тәрбие жұмысын дамыту мақсат болып отыр. Осыған байланысты мектептің алдына қоятын ең басты мәселенің бірі — өркениетті, прогресшіл бағыттағы, азаматтық-адамгершілік қасиеті мол, терең білімді ұрпақ тәрбиелеу. Біздің қоғамымызда әлеуметтік мәселелердің бірі бұл кейінгі кездері жастар арасындағы қылмыстық жағдайлардың жиі кездесуіне ықпал етуде⁷.

Бұл қылмыс жасаушылардың тұлғаға қарсы әртүрлі жарақаттардың жиі кездесуі аландатуда. Әсіресе жастар арасындағы жанжалды жағдайлар, топтық төбелес, қатігездіктің, мейірімсіздіктің негізін сипаттап отыр.

Қазіргі таңдағы ересек адамдардың ауыр қылмыс жасауын салыстырмалы түрде қарастыратын болсақ, бұл адамдардың жиі қақтығыстарға түсуі мен агрессиялық мінез-құлқынан туындайтындығы іс-жүзінде дәлелденген.

Біз әлеуметтік-қоғамдық көп өзгерістердің тұрғындардың мүліктік иеліктері мен өзге де иеліктерінің түрлі формаларының куәсі болып табыламыз.

Негізінен әлеуметтік қарама-қайшылықтардан тұлғааралық және топаралық қақтығыстар туындайды.

Психологтердің тұлғаның сан алуан өзгерістерімен кәмілеттік жасқа толмағандардың тұлғалық ерекшеліктерімен олардың біріктілігі туралы пікірлері сан алуан болып табылады. Осыған түрлі бағыттағы жас жеткіншектердің агрессивті атқарылған жұмыстар мен айтылған пікірлер, жасалған жұмыстар, олардың сапалары дәлел болып отыр. Біздің елімізде агрессивті мінез-құлықты түзету және олардың алдын алу, сауықтыру шаралары төңірегінде аз жұмыс атқарылмаған, демек бұл мәселені шешуге арналған арнайы тәжірибелер қалыптасқан.

Көптеген зерттеушілер «Мен» бейнесінің қалыптасуында жеткіншектердің үлкендермен және өзімен қатарлас балалармен қарым-қатынас жасауы үлкен рөл атқарады дейді. Белохвостованың зерттеулері бойынша жеткіншектер басқа адамдармен, сол адамдарды түсіну, бірге іс-әрекет жасау үшін қарым-қатынасқа түсетіндігі көрінеді. Басқа біреудің бейнесі оларға қарым-қатынасқа түсу үшін өте маңызды. Жеткіншектердің «Мен» бейнесінің қалыптасуы басқа біреудің бейнесінің қалыптасуымен байланысты. Көп жағдайда басқа бейне оның өзімен жасты адамы болып табылады. К. Н. Платонның зерттеулерінде жеткіншектің жалпы ерекшелік қасиеттерін оның өзімен жасты баламен байланысында көруге болады деген. Идентификация сезімін барлық жеткіншектер өткереді, ол «Мен» бейнесін қалыптастырудағы ең маңызды кезеңі болып табылады.

Бұл кезең жеткіншектерде «Біз» бейнесі мен «Мен» бейнесінің сапалы дамуына әсер етеді. Өзін-өзі танудың филогенетикалық аспектілерін қорытындылай келе, Боришевский өзін-өзі тану «Біз» түсінігіне жалпыға қараған сияқты қоғамдық топтардағы адамдардың жоғарғы даму сатысына ұжымдық өзін-өзі тану болып келуі мүмкін дейді. Жеткіншек өзін-өзі тани алады, өзінің «Мен» сезімін басқалардың «Мен» сезімінен айыра алады. Жеткіншек кезеңінде өтпелі кезеңде, көптеген зерттеушілер көрсеткендей, баланың «Мен» бейнесі қалыпсыз бола бастайды. И. С. Кон жазғандай, «Мен» бейнесі өзінің жалпылығын жоғалтады, жеке адам өзінің «Мен» бейнесіндегі құлшынысын, талпынысын төмендетіп, қиындықтарды қалыпсыз жағдайларда көре бастайды.

Жеткіншек кезеңінде өзін-өзі танудың жаңа кезеңі басталғанда өзіне қатынасының даму кезеңі басталады. Мұнда ең маңызды сәттер болып өздерінің «Меніне» жаңа сапалы түрлер енгізеді, өзіне-өзі басқа біреумен салыстыра отырып, баға береді. Жеке баға беруден жалпыға көшу, өз-өзіне қатынасын қалыптастыруы. Жеке қасиеттерге баға беру өзіне бағынышты маңызды рөл атқарады. Дәл осы кезде жеке жүйесін қалыптастыру негізінде өзіне эмоционалды баға беру қалыптасады. Жедел баға беру іс-

әрекет нәтижесінде өз көзқарастарынан туындайды. Әсіресе нақты және идеалды «Меннің» сәйкес келмеуі маңызды мәселе болып табылады. И. С. Конның пікірінше, бұл сәйкессіздік қалыпты жағдай, бұл когнитивті дамуды көрсетеді. Балалықтан өтпелі кезеңде өзін-өзі сынау өсе түседі⁸.

Адамның қылмыстық мінез-құлқының үш негізгі факторы бар: әлеуметтік, психологиялық, биологиялық. Қылмыстық мінез-құлық әлеуметтік факторы адамның қоршаған ортасына, жанұя мүшелерінің өмір сүру қалпына мәдени құндылықтарының қалыптасуымен тығыз байланысты. Психологиялық факторлары жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерімен, мысалы, жабырқау көңіл-күйді көтеру, «экстрим», өзіндік бағаның төменгі деңгейі, өзгелердің алдында батылдық, тәуелсіздік таныту т. б. байланысты. Сонымен қатар бұл құбылыстың биологиялық факторларына тұқым қуалаушылық, жүйке жүйесі мен психикалық ауытқушылықтарды жатқызуға болады.

Қылмыстық мінез-құлықтың ерте байқалатын көрсеткіші — жеке тұлғаның әртүрлі ауытқушылықтарға душар болуы. Ең алдымен, оның әлеуметтік бағдары, мағына тудырушы уәждемелік-құндылық өрісінің тарылуы, ақыл-ой қызметінің бұзылуы сияқты түзетуге келмейтін өзгерістердің орын алуы. Сондықтан қылмыстық мінез-құлықтың алдын алу шараларын ертеден бастап, әсіресе жеткіншектерді қылмыстық әрекеттен сақтау — бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Ол үшін үгіт-насихат жұмыстарымен қатар жанұя әлеуметтену институтының жұмысын жандандыру қажет. Өйткені көптеген жеткіншектердің қылмыстық мінез-құлықтың механизмдерінің бірі отбасындағы тәрбие екенін ғалымдар дәлелдеді. Қазіргі кезде жеткіншек жастағы оқушылардың жалпы және психикалық дамуының жеткілікті деңгейіне қол жеткізу үшін, ең алдымен, бұрынғыша оқушыны пәндік білім, біліктердің белгілі бір жиынтығымен қаруландыру емес, оқу әрекетін қалыптастыру негізінде жеке бас тұлғасын тәрбиелеу мақсаты қойылып отырғаны белгілі.

Жеткіншектер қазіргі кезеңде тез өзгермелі мәдениетте, хаос және тұрақсыз, құбылмалы ортада өмір сүреді. Мұның өзі қылмыстың артуына әсер етеді. Бұрынғы баға жетпес құндылықтар күмәндану, сенімсіздік сезімдерін тудыра бастады. Мысалы, отбасы ертеректе сенімді, қауіпсіз ошақ болса, қазіргі кезде жанұядағы келіспеушілік, түсініспеушілік әсерінен үлкен мәселелерге (өз-өзіне қол жұмсау, қылмысқа бару т. б.) итермелеуші себептерінің біріне айналып отыр.

Қазіргі жеткіншек мазмұны бойынша және әлеуметтану үрдістері жағынан күрделі ортада өмір сүреді. Бұл, біріншіден, техникалық құралдардың жылдам жасалу қарқынымен, екіншіден, ақпараттың қанық сипаттарымен, үшіншіден, экономикалық-экологиялық дағдарыстарға байланысты. Ал бұл, өз кезегінде, балаларда үмітсіздікті, ал жастарда санасыз қарсылық әрекеттерін, қоғамдық қызығушылық жақтың қасынан дамитын индивид дамуын туындатады. Адам қоғамындағы топтар ішінен осы жеткіншектер, көбінесе, елдегі әлеуметтік, экономикалық, моральдық тұрақсыздықта көп жапа шегеді. Олар құндылықтар мен идеалдардың ескісін бұзып, жаңасын әлі жасай алмайды.

¹ Аувяэрт Л. И. Роль семьи и сверстников в правовой социализации несовершеннолетних. — М., 1981.

² Гуськова А. П. Суд и подросток. — Челябинск, 1989.

³ Майерс М. И. Социальная психология. — СПб., 1997.

⁴ Еникеев М. И. Общая и юридическая психология. — М., 1996.

⁵ Антонян Ю. М., Еникеев М. И., Эминов В. Е. Психология преступника и расследования преступлений. — М., 1996. — С. 61 — 115.

⁶ Самоделкин С. М., Сибиряков С. Л. Преступность несовершеннолетних и ее предупреждение. — Волгоград, 1992.

⁷ Вельчев А. Д., Мошак Г. Г. Подросток и правонарушение. — Кишинев, 1990.

⁸ Тесленко А. Н. Психология и педагогика в деятельности правоохранительных органов. — Астана, 2000.

Ларионова С. В.,

преподаватель кафедры общей психологии

и гуманитарных дисциплин, подполковник полиции,

член Межрегиональной общественной организации

«Общество психологов силовых структур» Российского психологического общества

(Уральский юридический институт МВД России, г. Екатеринбург)

**ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ
УЧЕБНОЙ (СЛУЖЕБНОЙ) ДЕЯТЕЛЬНОСТИ
В СИСТЕМЕ МВД РОССИИ**

Психологические подразделения органов внутренних дел (далее — ОВД) обязаны осуществлять психологическое сопровождение обучающихся (курсантов) в процессе всего периода обучения в ву-

зе¹. Под психологическим сопровождением понимается «процесс целостного изучения формирования, развития и коррекции профессионального становления личности, целью которого является комплексное воздействие на личность при формировании профессионально важных качеств»^{2, 252}. При проведении данной работы большое внимание необходимо обращать на «развитие: самосознания; интеллекта; эмоционально-волевой устойчивости; позитивного отношения к миру и к себе; компетентности в профессиональной деятельности»^{3, 38}. Таким образом, психолог ОВД обязан осуществлять «психологическое сопровождение обучающихся (курсантов) в процессе всего периода обучения в образовательной организации»¹. Психологическое сопровождение заключается в оказании первокурсникам помощи в адаптации к новым условиям жизнедеятельности. К технологиям психологического сопровождения относятся: диагностика готовности к учебно-познавательной деятельности, мотивов учения, ценностных ориентаций, социально-психологических установок; помощь в развитии учебных умений и регуляции своей жизнедеятельности; психологическая поддержка первокурсников в преодолении трудностей самостоятельной жизни и установлении комфортных взаимоотношений с однокурсниками и педагогами; консультирование первокурсников, разочаровавшихся в выбранной специальности; коррекции профессионального самоопределения при компромиссном выборе профессии. Психологическими критериями успешного прохождения этого этапа являются: «адаптация к учебно-познавательной среде, личностное самоопределение и выработка нового стиля жизнедеятельности»^{4, 94}.

Таким образом, мы выдвинули гипотезу, что, адаптируя курсантов первых курсов к новым условиям жизнедеятельности и формируя у них навыки эмоционально-волевой саморегуляции, можно повысить показатели успешности учебной (служебной) деятельности.

Первый этап исследования был посвящен определению наличного, т. е. первоначального уровня эмоционально-волевого состояния обучающихся на начальной стадии исследования. На данном этапе на основе формального подхода мы распределили респондентов на две группы: контрольную (КГ) и экспериментальную (ЭГ).

На втором этапе нами была осуществлена работа по психологическому сопровождению личного состава с использованием различных форм:

- для контрольной группы — традиционные методы, направленные на изменение эмоционально-волевой регуляции обучающихся (курсантов): музыкотерапия, релаксационные тренинги, аутогенная тренировка и тренинг на развитие волевых качеств личности;

- для экспериментальной группы — наряду с традиционной осуществлялась работа с использованием «технических средств»^{5, 143} (аппараты «Элион — 132Г», проекционные устройства «Цветодин — 300», приборы биологической обратной связи «Релана — Эрго», аппараты психоэмоциональной коррекции «АПЭК — 3», аппараты для аудиовизуальной стимуляции «NovaPro100» (класса «Voyager»)).

Третий этап исследования был посвящен проведению повторного исследования эмоционально-волевого состояния всей выборки после проведения психологического сопровождения.

Обучающимся (курсантам) были выданы регистрационные бланки следующих диагностических методик: «Шкала реактивной и личностной тревожности» Ч. Д. Спилбергера в адаптации Ю. Л. Ханина (ОЛСТ); «Диагностика волевого потенциала личности» Н. П. Фетискина, В. В. Козлова, Г. М. Мануйлова; Стандартизированный метод исследования личности (СМИЛ).

После первичного исследования нами было осуществлено психологическое сопровождение учебной (служебной) деятельности обучающихся (курсантов) в обеих группах. Перед повторным исследованием нами была вновь проведена серия занятий с обучающимися (курсантами) в обеих группах. Нами были составлены графики занятий и пояснения к ним для контрольной (КГ) и экспериментальной (ЭГ) групп^{6, 25}.

Анализ результатов, полученных при первичном и повторном исследованиях, позволяет говорить о положительной динамике в эмоциональном состоянии обучающихся (курсантов) в контрольной группе. Нами было отмечено снижение числа испытуемых (по методике Спилбергера — Ханина) с «высоким» уровнем тревожности (6 %) при увеличении количества обучающихся (курсантов) с «умеренным» и «низким» уровнями на 11 % и 1 % соответственно. Такую же тенденцию мы наблюдаем в изменении результатов повторного исследования по методике Н. П. Фетискина, В. В. Козлова, Г. М. Мануйлова «Диагностика волевого потенциала личности». Так, снизилось число респондентов, находящихся на «низком» уровне выраженности волевых процессов, на 8 %, при этом увеличились показатели по «среднему» и «высокому» уровням выраженности волевых показателей на 4% по каждому критерию. Аналогичные результаты продемонстрировали обучающиеся (курсанты) контрольной группы по методике СМИЛ. Нами было отмечено снижение числа испытуемых с «высоким» уровнем

тревожности на 4% и «низким» уровнем тревожности на 1 %, при этом показатели по «среднему» уровню увеличились на 4 %.

Полученные результаты также позволяют говорить о положительной динамике в эмоционально-волевом состоянии обучающихся (курсантов) экспериментальной группы. Нами было отмечено снижение числа испытуемых (по методике Спилбергера — Ханина) с «высоким» уровнем тревожности на 14%, при увеличении количества обучающихся (курсантов) с «умеренным» и «низким» уровнями на 8 % и 6 % соответственно. Такую же тенденцию мы наблюдаем в изменении результатов повторного исследования по методике Н. П. Фетискина, В. В. Козлова, Г. М. Мануйлова «Диагностика волевого потенциала личности». На 20 % снизилось число респондентов, находящихся на «низком» уровне выраженности волевых процессов, при этом на 16 % увеличились показатели по «среднему» и на 4 % по «высокому» уровням выраженности волевых показателей и соответственно. Аналогичные результаты продемонстрировали курсанты экспериментальной группы по методике СМЛ. Нами было отмечено снижение числа испытуемых с «высоким» уровнем тревожности на 8 %. Результаты «низкого» уровня тревожности увеличились на 3 %, а показатели «среднего» уровня увеличились на 5 %.

После проведения первичного и повторного исследований мы проанализировали результаты промежуточных аттестаций (зимних экзаменационных сессий за 1 и 2 курсы), которые позволили сделать вывод, что и в учебной деятельности респондентов обеих групп произошли изменения: средние показатели по промежуточным аттестациям увеличились в контрольной группе на 0,13, а в экспериментальной — на 0,27.

Для проверки и подтверждения мы использовали метод математической статистики (t-критерия Стьюдента).

		<i>ОЛСТ</i>	<i>Выраженность силы волевых процессов</i>	<i>СМЛ</i>	<i>Успеваемость</i>
КГ	Среднее значение	36,97	7,63	60,82	4,01
	Стандартное отклонение	11,04	5,70	14,90	0,53
		1,10	1,47	1,81*	1,55
ЭГ	Среднее значение	37,96	10,22	59,33	3,78
	Стандартное отклонение	11,22	6,38	13,93	0,52
		2,33**	2,62***	2,67***	3,20***
Примечание: * — значимость на уровне 0,10; ** — значимость на уровне 0,05; *** — значимость на уровне 0,01.					

Таким образом, сравниваемые средние значения двух групп при первичном и контрольном исследовании различаются с вероятностью допустимой величины, следовательно, выдвинутая нами гипотеза доказана.

¹ Приказ Министерства внутренних дел России «Об утверждении Положения об основах организации психологической работы в органах внутренних дел Российской Федерации» от 2 сентября 2013 г. № 660. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31576719 (дата обращения: 13.10.2020).

² Зеер Э. Ф. Психология профессии: Учеб. пос. для студентов вузов. — М., 2003.

³ Столяренко А. М. Психологическая подготовка личного состава органов внутренних дел: Учеб. пос. — М., 1987.

⁴ Зеер Э. Ф. Методология профессионального развития человека: монография. — Екатеринбург, 2014.

⁵ Столяренко Л. Д. Психология: Учебн. для вузов. — СПб, 2010.

⁶ Ларионова С. В. Особенности формирования навыков эмоционально-волевой саморегуляции у обучающихся образовательной организации деонтологического типа: Практ. пос. — Екатеринбург, 2018.

*Лисник Ю. С.,
адъютант, капитан внутренней службы
(Академия ФСИН России, г. Рязань)*

ОТБОР И ПОДГОТОВКА ЗАМЕСТИТЕЛЕЙ КОМАНДИРОВ ВЗВОДОВ: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ

В отечественной научной литературе много внимания уделяется отбору и подготовке заместителя командира взвода (младшего командира, сержанта). Об этом свидетельствуют диссертационные исследования таких авторов, как: О. Я. Безушко¹, В. С. Веркин², В. В. Пепелев³, М. Н. Салахов⁴, а также статьи Н. Н. Габбасова⁵, В. В. Капустина⁶, Л. И. Холиной⁷ и др. Можно констатировать, что тема сравнительного анализа отбора и подготовки младших командиров различных силовых ведомств является актуальной в науке.

Если обратиться к служебной деятельности, то можно с уверенностью сказать, что задачи подразделения обуславливают функциональные обязанности заместителя командира взвода. Как правило, в перечень включены: решение всех организационных вопросов подразделения и организация деятельности, поддержание дисциплины и внутреннего распорядка среди личного состава. Поэтому к отбору и подготовке заместителя командира взвода необходимо подходить исходя из этих позиций.

В вооруженных силах РФ (ВС РФ) отбор и подготовка заместителей командиров взводов является единым процессом. Как указывает В. И. Шайкин, «система военно-профессиональной подготовки сержантского состава ВС РФ — это составная часть военного образования, представляющая собой целенаправленный, организованный процесс воинского обучения и воспитания сержантов»⁸. Кандидат на должность заместителя командира взвода в вооруженных силах должен обладать такими качествами, как организаторские способности, требовательность, активность, высокий уровень ответственности, умение четко и грамотно формулировать и отдавать распоряжения личному составу. Одним из важных пунктов при отборе является также наличие среднего (полного) общего образования и прохождение специальной подготовки, которая проводится в учебных воинских частях военных вооруженных сил. В процессе специальной подготовки кандидатами проявляются морально-психологические качества, интерес к деятельности, освоение специальности⁹. Данные факторы учитываются при отборе на должность заместителя командира взвода.

В образовательных организациях МВД России, по утверждению П. В. Кустова, отбор (профессиональный психологический) заместителя командира взвода производится на этапе поступления в вуз. В основе него лежит изучение личного дела кандидата, рассмотрение «Анкеты кандидата», а также анализ развития его личных и деловых качеств. В свою очередь, подготовка заместителей командиров взводов осуществляется с помощью «Программы психологической подготовки младших командиров». Ее цель — «выработка у курсантов, назначенных на должности младших командиров, психологических знаний и умений, развитие их лидерского потенциала, а также организаторских способностей, необходимых для успешного руководства коллективом учебного взвода»^{10, 152}. Мероприятия такой подготовки осуществляются в «сержантские дни».

В образовательных организациях ФСИН России отбор заместителей командиров взводов осуществляется после прохождения «Курса молодого бойца» при поступлении в вуз. Подготовка младших командиров проходит уже после назначения на должность, в процессе бесед с учебно-строевым руководством курса и в рамках психолого-профилактических мероприятий. Следует сказать, что у заместителя командира взвода образовательных организаций ФСИН России широкий спектр обязанностей. В том числе младший командир «организует внутренний порядок и дисциплину в подчиненном подразделении; осуществляет контроль над подготовкой и несением службы суточным нарядом; прививает курсантам практические умения и навыки, уважительное отношение к руководству; осуществляет сплочение коллектива учебной группы и организацию досуга»^{11, 822}.

Таким образом, проведя некоторый сравнительный анализ отбора и подготовки заместителей командиров взводов в ВС России и в образовательных организациях МВД и ФСИН, можно резюмировать, что в подходах есть общие и индивидуальные моменты. При этом отбор и подготовка к деятельности заместителя командира взвода имеет общую структуру: с требованиями, предъявляемыми младшему командиру, и качествами, которыми он должен обладать, перечнем мероприятий, проводимых прямыми руководителями. Их целостная, практическая и последовательная реализация позволя-

ет повысить качество работы правоохранительных органов и обеспечить решение фундаментальных задач.

¹ Безушко О. Я. Социально-психологические особенности эффективного стиля руководства командиров учебных подразделений: Автореф. дис. ... канд. психолог. наук. — М., 2000.

² Веркин В. С. Управленческая деятельность командира курсантского подразделения: социологический анализ: Автореф. дис. ... канд. социологич. наук. — Ростов-н/Д, 2004.

³ Пепелев В. В. Психологические особенности становления авторитета командиров подразделений на современном этапе развития Вооруженных Сил: Дис. ... канд. психолог. наук. — Тамбов, 2004.

⁴ Салахов М. Н. Подготовка командиров подразделений МЧС к деятельности по формированию коллектива: Автореф. дис. ... канд. педагогич. наук. — Казань, 2006.

⁵ Габбасов Н. Н. Формирование авторитета командира в служебно-боевой деятельности // Известия Балтийск. гос. академии рыбопромыслового флота: психолого-педагогические науки. 2018. № 4 (46). С. 287 — 289.

⁶ Капустин В. В. Социальное проектирование программ обучения младших командиров в системе военного образования // Власть. — 2014. — № 3. — С. 73 — 76.

⁷ Холина Л. И., Татаров И. В. Особенности профессиональной подготовки младших командиров в учебном центре военного вуза // Мир науки, культуры, образования. — 2017. — № 6 (67). — С. 300 — 301.

⁸ Шайкин В. И. Общая система военно-профессиональной подготовки сержантского состава вооруженных сил России // Вестн. Академии военных наук. 2016. № 3 (56). С. 83 — 88.

⁹ Текст изложен своими словами. См.: Тришункин В. В., Цельковских А. А. Качественная подготовка младших специалистов системы материально-технического обеспечения — важнейшая задача военного образования // Материально-техническое обеспечение вооруженных сил РФ. — 2020. — № 7. — С. 97 — 106.

¹⁰ Кустов П. В. Психолого-педагогическое сопровождение служебной деятельности младших командиров образовательных организаций МВД России // Грани науки: теория и практика: Мат-лы междунар. науч.-практ. конф. — Ростов-н/Д, 2017. — С. 152 — 154.

¹¹ Лисник Ю. С. Пригодность к деятельности младшего командира-заместителя командира взвода в образовательной организации ФСИН России: к постановке проблемы // Психология XXI века: вызовы, поиски, векторы развития: Сб. мат-лов Всероссийск. симпозиума психологов с международным участием. — Рязань, 2020.

Мартышко А. Ю.,

доцент кафедры специальной физической подготовки,

кандидат юридических наук, доцент, майор полиции;

Рябуха А. С.,

преподаватель кафедры специальной физической подготовки, капитан полиции

(Национальная академия внутренних дел Украины, г. Киев)

ПОДГОТОВКИ ПОЛИЦЕЙСКИХ К ОБЕСПЕЧЕНИЮ ПУБЛИЧНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ И ПОРЯДКА СРЕДСТВАМИ ФИЗИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ

